

Дамудың даңғыл жолын салған - Ата заң



**Ұлт көсемі, заңгер
Әлихан Бөкейханов:
«Заң адам пайдасына
жазылады, адам заң
үшін тумайды» деген
еді. Бұл қанатты
сөздің астарынан
заңның қоғамды
реттейтін, тәртіп
пен тұрақтылықты
орнататын басты
құндылық екендігін
аңғаруға болады.**


Себебі, әділетті заң – ел дамуының, ұлт болашағының басты кепілі. Биыл еліміздің әділеті мен еркіндігінің шамшырағына айналған айрықша құжат – Конституциямыздың қабылданғанына 30 жыл толып отыр.

Осы мерейлі мерекеге орай Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университетінің №2 Студенттер үйінде, 1 курс студенттерінің қатысуымен «Дамудың даңғыл жолын салған - Ата заң» атты дөңгелек үстел өтті.

Оқырмандардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған шара барысында мемлекеттің ең жоғары заңдық күші бар негізгі құжаттың мәні мен маңызы, қоғам дамуындағы орны мен рөлі жайлы мәселелер кеңінен талқыланды. Дөңгелек үстелге қатысушы жастар заңды сақтаудың қоғам үшін маңыздылығы жөнінде өз ой-пікірлерін ортаға салып, конституцияның әрбір азамат үшін басты құндылық екендігін ерекше атап өтті.

Жалғасы 6 бетте

Дамудың даңғыл жолын салған - Ата заң



Іс-шара аясында студенттердің құқықтық ой-өрісін кеңейту мақсатында танымдық ойындар өткізіліп, әділеттілік қағидаттарын айқындайтын негізгі құжат жайлы, сондай-ақ, ежелден ел салтына сіңген, халыққа барынша түсінікті заң ретінде қазақ тарихының алтын парақтарынан орын алған қазақтың ежелгі ата заңдары жайлы сыр шертетін әдебиеттерден құралған жылдық кітап көрмесі оқырмандардың назарына ұсынылып, танысты-

рылды.

Ата Заң - тек құқықтық құжат қана емес, мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен тұтастығын айқындайтын, азаматтарымыздың құқығы мен еркіндігін қорғап тұрған мызғымас тұғыр. Әрбір қазақстандық осы құндылықты жүрегіне түйіп, оны құрметтеп қана қоймай, күнделікті өмірде сақтап, дәріптей білуі тиіс.

Гүлзат ӘМІРХАН,
**№ 2 облыстық әм-
бебап ғылыми
кітапханасының
қызметкері**